

# Бақытты балалар - бақытты ел



1 маусым - халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы ұжымы О.Баубек атындағы аудандық саябақта "Бақытты балалар - бақытты ел" атты мерекелік іс - шара ұйымдастырды.

"Аманат" партиясы Жаңаарқа аудандық филиалының төрағасы Амангелді Бакышұлы балалар күніне арналған құттықтау тілегін



білдіріп, бақытты балалық шақ тіледі.

Мерекелік іс-шарада Дарина Бакытбек мен А.Сейдімбек мектебінің 4 сынып оқушылары «Кел, досым, кітапханаға» әнімен шашу шашып Балым Бакытжан «Ұстазым» әнімен мерекенің көркін кіргізді. Әдина Жұмабай мен Наргиз Асқарова биші қыздарымыз мың бұрала биледі.

Түрлі қызықты ойындар ойнатылып, сыйлықтар тарту етілді. Балмұздақтар тегін таратылып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

"Аманат" партиясы Жаңаарқа аудандық филиалының төрағасы Амангелді Бакышұлы балалар күніне ерекше оқырмандарымызға сыйлықтар тарту етті.

Мерекелік іс-шараға демеушілік білдір-

ген "Аманат" партиясына алғысымызды білдіреміз.

**Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы**